

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 30 маусымдағы № 217-V ҚРЗ

2013 жылғы 24 қазанда Минскіде жасалған Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісім ратификациялансын.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Республикасының
Н.Назарбаев*

**Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы ,

2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы шартты негізге ала отырып,

сауда байланыстарының дамуына жәрдемдесуге ниет білдіре отырып, Кеден одағының бірыңғай кеден аумағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып,

1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенцияда, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы конвенцияда, 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясында көзделген халықаралық міндеттемелерді өздерінің орындау қағидаттарын ұстанатындықтарын растай отырып,

Тараптардың ұлттық мүдделері мен міндеттемелерін орындауды камтамасыз ету қажеттілігіне с ү й е н е отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады: «есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары» — Тараптардың ұлттық тізбесіне енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары;

«өткізу» - есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына әкелу (әкету);

«тасымалдау (ішкі транзит)» - есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына үшінші Тараптың аумағы арқылы әкелу (әкету), сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Тарап аумағының бір бөлігінен басқа бөлігіне екінші Тараптың аумағы арқылы әкелу (әкету);

«рұқсат беру құжаты» - есірткі құралдардың, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына өткізу құқығын р а с т а й т ы н құ ж а т ;

«құзыретті орган» - Тараптың рұқсат беру құжаттарын беруге уәкілеттік берілген о р г а н ы .

Осы Келісімде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер 1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенцияға, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы конвенцияға, 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына және Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде жасасылған халықаралық шарттарға сәйкес қолданылады.

2-бап

Осы Келісімде есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын: заңды тұлғалардың клиникалық зерттеулер, сараптама, мемлекеттік тіркеу және сапа бақылауын жүргізу үшін Тараптардың арасында сауданы жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ жекелеген көлік түрлеріндегі алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қ о б д и ш а л а р ы н д а ;

жеке тұлғалардың жеке өзіне пайдалануы үшін өткізу және тасымалдау (ішкі транзит) тәртібі айқындалады.

3-бап

Осы Келісімнің күші заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.

Кәсіпкерлік қызмет субъектілері ретінде тіркелген жеке тұлғаларға олардың көрсетілген қызметті жүзеге асыруына байланысты өткізуді, сондай-ақ тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асыруға тыйым салынады.

Заңды тұлғалар Тараптардың құзыретті органдары беретін, мынадай мәліметтерді: есірткі, психотроптық заттардың немесе прекурсордың атауын; егер бар болса, есірткі, психотроптық заттардың немесе прекурсордың халықаралық т і р к е л м е г е н а т а у ы н ;

өткізілуге жататын есірткі, психотроптық заттардың немесе прекурсордың м ө л ш е р і н ;

есірткі, психотроптық заттарды немесе прекурсорды өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы мен орналасқан мекенжайын және (немесе) заңды мекенжайын;

атына есірткі, психотроптық заттарды немесе прекурсорды өткізу жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауын және оның орналасқан мекенжайын және (немесе) з а ң д ы м е к е н ж а й ы н ;

рұқсат беру құжатының қолданылу мерзімін қамтитын әкелуге (әкетуге) арналған рұқсат беру құжаттары болған кезде өткізуді жүзеге асырады.

Жеке тұлғалар растайтын медициналық құжаттар не олардың куәландырылған көшірмелері болған кезде медициналық айғақтар бойынша жеке қолдану үшін дәрілік заттар түрінде есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының шектеулі мөлшерін өткізуді және тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асырады, мұндай құжаттарда осындай заттардың, сондай-ақ прекурсорлардың атауы және Тараптардың заңнамасында айқындалған көлемде мөлшері көрсетілуге тиіс.

Растайтын медициналық құжаттар аумағына көрсетілген дәрілік заттарды өткізу немесе тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тарап тілінде жасалады не олардың аталған Тарап тіліндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі.

Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін осы бапта көзделген рұқсат беру құжаттарынсыз, тиісті көлік құралдарын тіркеу мемлекетінің заңнамасында айқындалған бақылау шараларын қолдана отырып және шектеулі мөлшерде алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаларында:

халықаралық қатынастағы теңіз (өзен) кемелерінде және әуе кемелерінде есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын;

халықаралық қатынастағы теміржол және автомобиль көлігінде психотроптық заттар мен прекурсорларды есірткі, психотроптық заттарды тасымалдауға рұқсат беріледі.

4-бап

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге рұқсат беру құжаттарын құзыретті органдардың беру тәртібі, сондай-ақ рұқсат беру құжаттарының нысандары аумағында өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға тіркелген Тараптың заңнамасында айқындалады.

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкетуге рұқсат беру құжаты, егер әкелінетін Тараптың заңнамасында осындай рұқсат беру құжаттарын беру көзделсе, аумағына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары әкелінетін Тараптың құзыретті органы берген әкелуге рұқсат беру құжаттары бар болған кезде беріледі.

5-бап

Заңды тұлғалар есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдауды (ішкі транзит) Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсат беру құжаттары не тауарға ілеспе құжаттар жиынтығында олардың нотариат куәландырған көшірмелері болған кезде жүзеге асырады.

Егер нақты тасымалданатын есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларына көрсетілген рұқсат беру құжаттарын беру әкетілетін Тараптың заңнамасында көзделмесе, онда мұндай тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асыруды жоспарлайтын заңды тұлға оның басталу күніне дейін 45 жұмыс күнінен кешіктірмей, өзінің құзыретті органына мынадай мәліметтер:

атауы мен орналасқан жері және (немесе) заңды мекенжайы;
тасымалданатын есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының а т а у ы м е н м ө л ш е р і ;

тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын көлік түрі;
Тараптардың мемлекеттік шекараларын кесіп өтетін болжамды күн мен орын;
аумағы арқылы есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың атауы;
атына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері және (немесе) заңды мекенжайы қамтылатын жазбаша хабарламаны жіберуге міндетті.

Заңды тұлға өз мемлекетінің құзыретті органына осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаны табыс ету туралы хабарламасы бар тапсырысты почта жөнелтілімі арқылы жібереді немесе осындай хабарламаны оның алынған фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен береді.

Осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесі тауарға ілеспе құжаттар жиынтығында заңды тұлғада болуға тиіс.

Аумағынан есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органы осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаны алған немесе рұқсат беру құжатын берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде аумағы арқылы осындай тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органына оның көшірмесін жібереді.

6-бап

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Тарап аумағының бір бөлігінен басқа бөлігіне екінші Тараптың аумағы арқылы тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асыру үшін рұқсат беру құжаттарын алу талап етілмейді.

Заңды тұлғалар көрсетілген тасымалдауды (ішкі транзит) аумағынан және аумағына

тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органының атына тасымалдау (ішкі транзит) басталған күнге дейін 45 жұмыс күнінен кешіктірмей жіберілетін, мынадай мәліметтер:

тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері және (немесе) заңды мекенжайы;

тасымалданатын есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының атауы мен мөлшері;

тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын көлік түрі;

Тараптардың мемлекеттік шекараларын кесіп өтетін болжамды күн мен орын; аумағы арқылы есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың атауы; атына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы мен оның орналасқан жері және (немесе) заңды мекенжайы қамтылатын жазбаша хабарламаның нотариат куәландырған көшірмесі болған кезде жүзеге асырады.

Заңды тұлға өз мемлекетінің құзыретті органына осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаны табыс ету туралы хабарламасы бар тапсырысты почта жөнелтілімі арқылы жібереді немесе осындай хабарламаны оның алынған фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен береді.

Аумағынан және аумағына тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органы осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оның көшірмесін аумағы арқылы осындай тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органына жібереді. Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары аумағы арқылы осындай тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың ұлттық тізбесіне енгізілмеген жағдайда, осы баптың екінші абзацында көзделген хабарламаны жолдау талап етілмейді.

7-бап

Егер рұқсат беру құжаттары не хабарлама аумағына өткізу жүзеге асырылатын немесе аумағы арқылы тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың тілінде жасалмаған жағдайда, заңды тұлға мұндай құжаттарға не олардың расталған көшірмелеріне көрсетілген Тараптың тіліндегі олардың нотариат куәландырған аудармасын қоса беруге тиіс.

8-бап

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын өткізуді немесе тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асырған заңды тұлға рұқсат беру құжатының

қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, оны берген құзыретті органға мынадай мәліметтерді жібереді:
рұқсат беру құжатының нөмірі мен берілген күні;
әкелінген (әкетілген) есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының атауы және нақты мөлшері;
оларды өткізу немесе тасымалдау (ішкі транзит) үшін пайдаланылған көлік түрі;
Тараптардың мемлекеттік шекараларын кесіп өтетін күн мен орын;
атына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын өткізу және тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылған заңды тұлғаның атауы мен оның заңды мекенжайы.

Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдауды (ішкі транзит) жүзеге асырған заңды тұлға осы Келісімнің 5-бабының екінші абзацында көзделген хабарламаның көшірмесі болған кезде осындай тасымалдау жүзеге асырылған жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей өзінің құзыретті органына мынадай мәліметтерді жібереді:
хабарламаның нөмірі мен күні;
әкелінген (әкетілген) есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының атауы және нақты мөлшері;
оларды тасымалдау (ішкі транзит) үшін пайдаланылған көлік түрі;
Тараптардың мемлекеттік шекараларын кесіп өтетін күн мен орын;
атына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылған заңды тұлғаның атауы мен оның заңды мекенжайы.

Құзыретті органдар осы бапта көзделген мәліметтерді алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларды аумағына есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын өткізу жүзеге асырылған Тараптардың құзыретті органдарына, сондай-ақ аумағы арқылы тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылған Тараптың құзыретті органына жібереді.

Құзыретті органдар әкелуге (әкетуге) арналған рұқсат беру құжаттарын ресімделген (жойылған) күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олардың көшірмелерін немесе көрсетілген рұқсат беру құжаттарының ресімделгенін (жойылғанын) растайтын құжаттардың көшірмелерін аумағына (аумағынан) есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын өткізу жүзеге асырылатын Тараптардың құзыретті органдарына, сондай-ақ аумағы арқылы тасымалдау (ішкі транзит) жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органына жібереді.

9-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде әрбір Тарап басқа Тараптарға және Еуразиялық экономикалық комиссияға осы Келісімде көзделген

рұқсат беру құжаттарын беруді, ақпарат алмасуды және заңды тұлғалардан хабарламалар алуды жүзеге асыратын құзыретті орган туралы хабарлайды.

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 45 күн ішінде құзыретті органдар Еуразиялық экономикалық комиссияға оның ресми сайтына орналастыру үшін мынадай мәліметтерді жібереді:

есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының ұлттық тізбелерін; егер жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін өткізуіне рұқсат берілген прекурсорлар Тараптардың заңнамасында айқындалса, олардың атаулары мен көлемі.

Осы баптың үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген мәліметтерге өзгерістер енгізілген кезде құзыретті органдар өзгерістер күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде Еуразиялық экономикалық комиссияға тиісті ақпаратты жібереді.

Еуразиялық экономикалық комиссия құзыретті органдар ұсынған ақпараттар негізінде 5 жұмыс күні ішінде осы баптың үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген мәліметтерді өзінің ресми сайтында жаңартады.

10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Егер Тараптар дауды келіссөздер жүргізу туралы Тараптардың бірінің екінші Тарапқа жіберген ресми жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде реттемесе, онда дау тараптарының кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға береді.

11-бап

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийдің дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

2013 жылғы "24" қазанда Минск қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Федерациясы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>

2013 жылғы 24 қазанда Минск қаласында қол қойылған Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісімнің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқалық дәлме-дәлдігін растаймын.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>
<i>Ішкі істер</i>	<i>министрлігінің</i>
<i>Есірткі бизнесіне</i>	<i>қарсы күрес</i>
<i>және есірткі айналымын</i>	<i>бақылау</i>

жөніндегі Комитеті төрағасының м.а. Ж. Битенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК